



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Латын тілінің тарихы



Латын тілі тарихының да бір өзіндік ерекшеліктері бар. Латын тілі қазіргі Италияның бір аймағында, елдің сөйлейтін тілі болғандықтан, сол аймаққа латиум деп ат қойған. Латын бастапқыда жәй ауыл, аймақтың деңгейіндегі тіл болған. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, Грекияда жазба әдебиеті б.з.б. VII ғ. пайда болса, Италияда, Римде б.з.б. III ғ. пайда болған. Сондықтан латын тілі өзінің аймағында қолданыста болған, кейін Рим империясы құрылған кезде б.з.б. III ғ. латын тілін қолданысқа енгізуге себеп болды. Жаңа этрус деген жазбалары негізінде, гректер алфавитінің ықпалымен латын тілінің алфавиті жасалды.

Рим империясының құрылуы және оның күшеюі латын тілінің де күшеюіне, дамуына, өріс алуына, жазба әдебиетіне айналуына ықпал жасады. Рим империясының қолдауымен латын тілі аймақтық сахнадан мемлекеттік дәрежеге көтерілді. Одан кейінгі кезеңдерде, гректердің бірінші Рим империясының патшасы Константин, христиан дінін қабылдағанда, сол Інжілді латын тілінде жазғызып, латын тілінің дамуына үлес қосты. Сол кезде императордың қолдауында латын тілі қатты дамыды. Інжілді оқығысы келетін оқушыларға да латын тілін үйренуге тура келді. Бұл латын тілінің дамуына үлкен себеп болды.

Грек тілінде өте жоғарғы таптардағы адамдардың сөйлеуі, грек әдебиетінің ықпалы латын тілінің дамуына ықпал жасады. Саяси қолдау арқылы діни бас қосуларда, ғибадаттарда, шіркеудегі жиындарда Інжілдің латын тілінде оқылуының барлығы, діни интеллигенцияларды, зиялыларды латын тілін үйренуге жетеледі. Сонымен бірге көптеген ғылыми еңбектерде, әсіресе, медицина саласында латын тілі ерекше қолданысқа ене бастады. Осы негіздерді алғанда, латын тілі кеңінен жайылып, кейін өзінің ықпалын көрсетіп, қазіргі итальян, грек, француз, ағылшын т.б. тілдер латын тілінің жақсы ықпалында қалып әсерленді. Сөйтіп латын тілі Рим империясының күшеюінен бастап, XII–XIII ғасырларға дейін, бүкіл Еуропада үстемдік жүргізіп отырды.

Кейін ренессанс дәуірінде латын тілі әлсірей бастады. Немістің ғалымы Мартин Лютер Інжілді латын тілінен неміс тіліне аударды. Содан кейін латын тілінің күші, бұрынғыдан да әлсіреді. Діни топтар, діни жастар, діни оқырмандар латын тіліне мұқтаждықтарын сезген жоқ. Әдеби тілде де сол жағдай орын алды.

Еуропада Италиядан бастап француздар, ағылшындардан да ірі ойшыл тұлғалар, қаламгерлер, философтар дүниеге келіп, өз тілдерінің ұлттық мәртебесін көтеріп, ұлттық бәсекелестіктің арқасында әрқайсысының ұлттық тілі дами бастады. Солай бірте-бірте латын тілі өзінің күш-қуатынан айырыла бастады. Ұлттық тілге айналған француз, испан, итальян, ағылшын тілдері күшейе бастады.

Латын тілінің тарихи пайда болуы және оның дамуы, одан кейін әлсіреуі, ұлттық бәсекелестік негіздерге байланысты. Бүгінгі күні бұл тілдің қолданылу аясы өте төмен деңгейде болып тұр. XII ғасырдан кейін, еуропа тілдерінің күшеюіне дейін араб тілінің ғылыми потенциалы өте жоғары болып, бір ренессанстық дәуірді өз басынан өткізді.

750–1050 жылдар аралығын біз, ислам әлемінің ренессанс дәуірі деп айта аламыз. Сол кез, латын тілінің белгілі бір дәрежеде, оның қолданыс аясын тарылтқан, араб тілінің өріс алған кезі еді. Сол кездегі өркениетті елдердің ғылыми шығармалары, әдеби шығармалары, араб тіліне аударылып, араб тілі көптеген ізденушілерді ғылым жағынан, әдебиет жағынан өзіне тарта білді. Араб тілінің философиялық өрісі де кеңейді. Бастапқыда латын тілінің әлсіреуіне осы араб тілінің өте қарқынды күшеюі және ғылымды, әдебиетті терең дамытуы болды. Оның ізімен барып, ислам әлемінің де өте қарқынды дамуы Еуропада біраз қызғаныш тудырды, яғни оларды бәсекеге бейімдеді. Ислам әлемі өркендегенде, оның ішінде түркі дүниелері ислам әлеміне араласпағанда, мүмкін Еуропа сол бұрынғы ұйқысында жатар ма еді. Ислам әлемі мен түркі әлемі Еуропаның оянуына ықпал жасады. Біреуі Әбу-Насыр әл-Фарабидің Аристотель трактаттарына түсініктеме бергені болса, екінші себебі, түркілердің ислам әлемі ішінде саяси басқару мен әлемді жаулауда өзіндік орны болғаны. Әсіресе, селжұқтардың Анатолияға барып үстемдік жүргізуі, біршама Еуропалықтардың қызғаныш сезімін оятты. Еуропа елінің шағын әкімшіліктері, князьдары біріге бастады. Ұлттық санасының деңгейінің өсуі де сол түркілердің, селжұқтардың Анатолияны ақырындап жаулап алуының себебі, олар да қарсы әрекетке кіріп, сол өздерінің кейінгі ренессанс дәуіріне жетуіне негіз болды. Гантельдің одан кейінгі ұлы ойшыл тұлғалардың Еуропада пайда болуы мүмкін емес еді. Себебі қозғаушы күш жоқ еді. Олар өзара бір-бірімен қырылысып, тайпалық, рулық деңгейде жүрген. Ислам әлемінің күші, түркілердің



өркендеуі, кең көлемде дүниені билеуі, осының барлығы түрткі болып, ренессанстық дәуірге қадам басуының негізін қалады.

Рим империясының арқасында, Латын тілі мәдениетте, ғылымда іске асып, белгілі бір дәрежеге, үлкен жетістікке жетсе, басқа жағынан, осы тілдің өрісінің тарылуына, Еуропаның жаңа күштері, қазіргі Италияның Данте сияқты майталман ойшылдары, оның әлсіреуіне, жойылуына себепкер болды.

Содан кейін Италияның «Сакани» деген аймақтық тілі ұлттық деңгейге көтерілді. Неміс ойшылы және қоғам қайраткері, Германиядағы бюргерлік реформаның қозғаушысы Мартин Лютер (1483–1546) Інжілді неміс тіліне аударып, латын тілінің әлсіреуіне жағдай туғызды. Сөйтіп, латын тілінің орнын ағылшын, тағы басқа өзге тілдер толтыра бастады. Оның бастамасын жасаған, ислам дәуіріндегі халифаттар, мұсылман елдері, былай айтқанда, арабтар, парсылар, түркілер. VIII ғасырдан XV ғасырға дейін батыс ғалымдары зерттеулерінің қорытындысы бойынша 750–1050 жылдар исламның ренессанс дәуірі деп есептеледі.

Әлемде болып жатқан әртүрлі ұлттардың, елдердің мәдени дамуы, өзге тілдердің өркендеуіне, әлемді жаулауына кедергі жасап, жаңа бір тілдің әлемдік деңгейге көтерілуіне негіз қалады. Бұл заңдылық.

Қорыта айтқанда, латын тілінің тарихы, дамуы, ол жайындағы әдеби, мәдени еңбектері, әлемде кеңінен таралмаған. Себебі бұл тілдің өркендеуі, дамуы, жойылуы тікелей саяси билікке байланысты болған. Әрбір елдің саяси билігі өзгерсе, міндетті түрде тіл де өзгеріске ұшырайды. Саяси билік бір елдің ғылыми, мәдени дамуына үлес қосса, ғылымның да, мәдениеттің де әр саласында жаңа өзгерістер, жаңа терминдер, жаңа сөздер пайда болады. Тілдің алға қарай ілесіп отыруына мүмкіндік жасайтын да саяси билік.

Жаңа даму кезеңі бұрынғы тілді ұмыттыруы мүмкін. Жазбалар да бір тілдің өзгеруіне үлкен ықпал жасайды. Мәселен, латын әліппесі француз, ағылшын, грек тіліне көп ықпал жасады, оларда латын әліппесі біршама енгізілсе де, толық алынбағандықтан, бұрынғы алфавит ақырындап жойыла бастады. Қазіргі заманда грек, не ағылшын алфавитінің әріптері, сол ежелгі латын алфавитімен сәйкес келеді. Оны мамандар білсе де, қарапайым халық біле бермейді. Олар грек тілі – грек алфавиті, ағылшын тілі – ағылшын алфавиті деп қабылдайды. Латын тілінің ғасырлар бойы жасаған ықпалының негізінде, өзі қолданыстан шығып қалады. Бұл латын тілінің тағдыры осындай. Алфавиттің өзгеруі де, тілдің өзгеруіне әсерін тигізеді. Қытай тілін алып қарасақ, олардың таңбалары өте көп, дегенмен ол таңбаларын азайту қарастырылмайды. Олардың латын тіліне көшпейтін себебі, сол елдің әр аймақтағы халқы бір-бірін түсіне алмайтындығында.

Орталық Азия түркітілдес халықтары: Түркіменстан, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Анадолы түріктері, Әзірбайжан, барлығының да XX ғасырдың 30-жылдарына дейін бір ортақ тілі болған. Алфавит өзгерген соң, кейін олар бір-бірінен алыстай бастады. Мәселен, өзбектер А әрпінің орнына О әрпін пайдаланады. Дыбыстың осылай өзгеруі, түркітілдес халықтардың бір-бірінен ажырауына себеп болған. Латын тілі өзінің біртұтастығын жоғалтса да, ол басқа тілдерге таңба ретінде де, сөз ретінде де енді.

Саяси күштердің латын тілін қолдап, оны қолданысқа енгізуге деген ықпалының жоқтығы, біріншіден, Еуропада XIII–XIV ғасырларда жаңа ұлттық дәуір басталғандығынан, екіншіден, таңбасы қалыпты бір күйде қолданыстан шығып қалуына байланысты, латын тілі көне тілдер алфавиті ретінде, кезінде өзінің мәдени, ғылыми зор ықпалын жасап, біртіндеп сахнадан алыстап кетті.

Қорыта айтқанда, әлемде латыннан да басқа ұлттық ұлт болып қалуына себеп болатын негізгі факторлардың бірі – тіл болып саналады. Сондықтан қазіргі өмір сүріп жатқан ұлттар, өздерін тарихтан жойылып кетпеуі үшін, өз тілін әлемдік деңгейде болмаса да, мемлекеттік деңгейде сақтап қалуға тырысады. Мәселен, француздар технологиясы дамыған ел бола тұра, ел жазушылары мен ғалымдары біраз дүниелерді зерттеп, ағылшын тілінің ықпалынан қорқып, өз тілін қорғау үшін барлық жағдайды жасап жатыр. Қазіргі жаһандану дәуірінде әр ұлт өзінің ұлттық болмысын, ұлттық сипатын сақтап қалуы, мәдениетінің өркендеуін, технологияның дамуын есепке алып, ары қарай оны дамытуға міндетті болып отыр.